

Бизнес және цифрлық технологиялар институтының директоры 1 бірлік;
Дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі 1 бірлік;
Әскери кафедраның аға оқытушысы 1 бірлік;
Әскери кафедраның оқытушысы 1 бірлік.

Институт директоры лауазымына қойылатын біліктілік талаптары: тиісті бейіндер бойынша жоғары білім, бейіні бойынша ғылым докторы және/немесе ғылым докторы және/немесе ғылым кандидаты және/немесе PhD докторы ғылыми дәрежесі және/немесе профессор және/немесе доцент/қауымдастырылған профессор ғылыми атағы, білім беру ұйымдарында және/немесе мамандығы бойынша басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі.

Кафедра меңгерушісі лауазымына қойылатын біліктілік талаптары: тиісті бейіндер бойынша жоғары білім және/немесе тиісті бейіндер бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім, педагогикалық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі, сондай-ақ Дүниежүзілік универсиадалардың, Азия және Азия Ойындарының чемпиондарын немесе жүлдегерлерін, Еуропа, Әлем және Олимпиада ойындарының чемпиондарын немесе жүлдегерлерін дайындаған.

Әскери кафедраның аға оқытушысы лауазымына қойылатын біліктілік талаптары: жоғары кәсіптік білімі (әскери академия), әскери атағы запастағы (отставкадағы) подполковниктен төмен емес, автотехникалық қамтамасыз ету лауазымдарында, циклде даярлау жүзеге асырылатын «Автомобиль бөлімшелері мен бөлімдерін қолдану», «Көп мақсатта автомобильді пайдалану және жөндеу» әскери-есептік мамандықтарына сәйкес кемінде 10 жыл әскери қызмет тәжірибесі.

Әскери кафедраның оқытушысы лауазымына қойылатын біліктілік талаптары: білімі жоғары - зымыран әскерлері мен артиллериясының командалық тактикалық бастығы, топографиялық (топогеодезиялық) қызметтің бастығы, әскери атағы запастағы капитаннан (отставкадағы) төмен емес, әскери қызмет өтілі кемінде 10 жыл, артиллериялық барлау батареясының командирі, топографиялық (топогеодезиялық, картографиялық) взвод командирі, әскери-есептік мамандыққа сәйкес жерүсті артиллериялық барлау станциясы басқармасының офицері лауазымдарында, циклде даярлау жүзеге асырылатын «Зымыран әскерлері мен артиллериясының бөлімшелері, бөлімдері мен құрамаларды жауынгерлік қолдану», «Топогеодезиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру», «Топографиялық жұмыстарды ұйымдастыру» әскери-есептік мамандықтары бойынша бастапқы батареяларды есептеу бастығы, батареяларды іске қосу командирі.

Құжаттарды қабылдау мерзімі – 2025 жылғы желтоқсанның 22-нен 2026 жылғы қаңтардың 6-ін қоса алғанда (сағат 18.00 дейін).

Мекен -жайы: Астана қ., Жеңіс даңғылы, 62, бас ғимарат.